

«БЕКІТЕМІН»

Ясауи атындағы Халықаралық

казак-түрк университетінің ректоры

Ж. Темірбекова

09.09.2022 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚЫЗМЕТТИК НҰСҚАУ

ҚН-УК-066/02-2022

КАФЕДРА ПРОФЕССОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТИК НҰСҚАУЫ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Кафедра менгерушісі м.а. Э.Кожамбекова
3. Келісілді
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
 - Зан бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
 - Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы К.Тубеков
 - Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕҢГІЗІЛДІ – 2022 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан

К.А. Ясауи атындағы ХҚТУ	Сапа менеджменті басқармас
ТЕКСЕРІЛДІ:	08.08.2024 ж.
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ:	08.08.2024 ж.
№ 312	2024 ж.

К.А. Ясауи атындағы Халықаралық	Казак-Түрк Университеті
Сапа менеджментінің жүйесі	ХУММІС ДАНАСЫ
№ 312	2024 ж.
16	17

Көкса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университеті	КН-УФ-066/02-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқауы
Кафедра профессорының қызметтік нұсқауы	5 беттін 2-беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасының профессоры кафедрадағы оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, емдеу және тәрбие жұмыстарын жоғары деңгейде калыптастыруды жүзеге асырады.
- 1.2. Профессор өз қызметінде КР заңдарын, сонын ішінде «Білім туралы» заңын, КР МЖМБС, КР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарын, университет Жарғысын, университет ректорының бұйрығы мен өкімдерін, университеттің нормативтік актілері мен өкімдерін басшылыққа алады.
- 1.3. Профессор қызметіне университет ректорының бұйрығымен, оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-ректорының келісімімен тағайындалады және жұмыстан шығарылады.
- 1.4. Профессор тікелей кафедра менгерушісіне бағынады.
- 1.5. Профессор қызметінде болмаған ретте оның оқу жүктемесі кафедраның менгерушісінің шешімімен басқа тұлғаға жүктеледі.

2 БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

2.1. Профессор кафедра қызметіне жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, «қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағы және ғылыми-педагогикалық қызметтегі енбек өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

2.2. Профессор білуге тиіс:

- КР Конституциясын;
- КР «Білім туралы» заңын;
- КР «Ғылым туралы» заңын;
- КР «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңын;
- «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңын;
- Басқа да білім беру саласының нормативтік-құқықтық актілерін;
- Білім беру жүйесін басқару теориясы мен әдістемесін;
- Оқу жоспарларын дайындау тәртібін;
- Оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережесін;
- Кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіптік білім беру әдістемесін;
- Студенттерге білім беру мен тәрбиелеудің казіргі формалары мен әдістерін, экономика негіздерін, енбек заңдарын ;
- Еңбекті корғау, техника қауіпсіздігі және өрттен корғау ережелері мен нормаларын;
- Университет Жарғысын;
- Қызметтік этиканы;
- Сапа менеджменті жүйесінің талаптарын;
- Осы қызметтік нұсқауды;
- Университеттің ішкі еңбек тәртіп ережесін;
- Кафедра туралы Ережені.

2.3. Профессор бекітілген тәртіпке сай атқаратын қызметінің сәйкестілігі бойынша аттестациялаудан өтеді.

3 МІНДЕТТЕР

3.1. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде, мамандарды даярлауды жүзеге асыратын типтік, оқу және жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге;

Қоңға Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	КН-УФ-066/02-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқауы
Кафедра профессорының қызметтік нұсқауы	5 беттің 3-беті

- 3.2. Оқу сабактарын жұмыс оқу жоспарына сәйкес өткізіп, сабак өткізу дін жогары сапасын қамтамасыз етуге;
- 3.3. Оқылатын пәндерді кешенді әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету үшін оқулықтар, оқу күралдарын, оқу әдістемелік нұсқаулар дайындауға;
- 3.4. Жаңа оқу технологияларын дайындауға және қолдануға, оқытудың жаңа әдістерін енгізуғе;
- 3.5. Оқудың жетекші түрі ретіндегі лекцияның деңгейін үздіксіз көтеруді, теориялық білімді бекітудің тиімді жолдары ретінде практикалық, студенттердің өзіндік жұмыстарын жандандыруға, қажетті іскерлік пен дагдыларды қалыптастыруды қамтамасыз етуге;
- 3.6. Студенттердің ізденушілік талдау және олардың ойлаушылық нәтижелерін қалыптастыру кабілеттерін дамытуға бағытталған өзіндік жұмыстарды үйымдастыруға және оқу әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге;
- 3.7. Оқу үрдісі барысында, студенттердің аралық және корытынды білімін бакылау мақсатында, курстық сынақ және емтихан қабылдау жұмыстарын жүргізуғе;
- 3.8. Оқу-әдістемелік, ғылыми зерттеу, тәрбие жұмыстары бойынша дербес жылдық жоспар құрып, соны іске асыруға;
- 3.9. Клиниканың емдеу жұмыстарына қатысуға және басшылық етуге, ассистенттермен бірге науқастарды карауға, консилиум өткізуғе, науқастарға консультация жасауға, дәрігерлік конференцияларға, семинарларға қатысуға және баяндамалар дайындауға;
- 3.10. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша дербес жұмыс жоспарына сәйкес жүргізген жұмыстарын кафедрага талқылауға ұсынып, сол бойынша есеп беруге;
- 3.11. Ғылыми педагогикалық білімін көтеруге, педагогикалық этика нормаларын сактауға;
- 3.12. Еңбек және орындаушылық тәртібін сактауға;
- 3.13. Қызметтік мәліметтердің құпиялығын қамтамасыз етуге;
- 3.14. Студенттердің жеке тұлғасы мен қадір-қасиетін құрметтеуғе;
- 3.15. Өзінің жүктемесіндегі жоспарланған жұмыс сафатын бұлжытпай толық орындауға;
- 3.16. Талап етілген есептер мен құжаттарды мерзімінде дайындал беруге;
- 3.17. Ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысуға;
- 3.18. Ұжымда сыйластық принциптерді, іскерлік қарым-қатынасты қалыптастыруға, кафедра қызметінің барлық бағыттарында адал ниетпен жұмыс істеуғе;
- 3.19. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сактауға.

4 ҚҰҚЫҒЫ

- 4.1. Өз қызметіне қатысы бар университет басшыларының шешімдерінің жобаларымен танысуға;
- 4.2. Өз міндеттеріне байланысты жұмысын жетілдіру бойынша университет басшыларының карауына ұсыныстар енгізуғе;
- 4.3. Кәсіптік қызмет үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілуғе;
- 4.4. Жұмыстан қол үзе отырып, университет каражаты есебінен 5 жылда бір рет ұзақтығы 4 айдан аспайтын уақытта өзінің біліктілігін арттыруға;
- 4.5. Өзінің кәсіптік беделін қорғауға;
- 4.6. Білім беру үйимдарымен олардың қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметінің көзі болып табылатын материалдық активтер (ғылыми әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламалық қамтамасыз ету, білім беру және ақпараттық технологиялар, т.б.) нысанындағы интелектуальдық меншігін меншіктің басқа тұрлерімен бірдей қорғауға;

4.7. Белгіленген тәртіппен халықаралық, республикалық конференцияларға және оку-әдістемелік мәжілістерге катысуға;

4.8. Фылым және білім беру қызметіндегі табыстары үшін материалдық бағалаудына, орден, медальдармен, құрметті атактармен және грамоталармен марапатталуға;

4.9. Белгіленген тәртіппен университет әкімшілігінің әкімдері мен бұйрықтарына шағым беруге.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК

5.1. Қызметтік міндеттерін орындаған жағдайда;

5.2. Өзіне катысты жұмыстарының денгейі төмен болғанда;

5.3. Кафедраның материалды-техникалық базасын мақсатқа сай емес қолданған жағдайда;

5.4. Жұмыстың сапасыздығына және жұмыс барысында жіберілген қателіктеге, сонымен катар Қазақстан Республикасының іске косылған заңына сәйкес өз міндеттіне және құзыярлығына кіретін шешімдерді қабылдамағанда;

5.5. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сактамаған жағдайда;

5.6. Қызметтік этиканы сактамаған жағдайда;

5.7. Еңбек міндеттерін орындауга байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе занмен қоргалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткен жағдайда;

5.8. Университет жарғысын, құқықтық актілерде, кафедра туралы ережедегі және қызметтік нұсқаудағы көрсетілген міндеттерін орындаған жағдайда;

5.9. Қызмет барысында КР «Еңбек кодексінде» көрсетілген өзінің қызметтік міндеттерін орында үрдісінде жіберілген басқа да құқық бұзушылықтары үшін.

5.10. Қызмет барысында өзіне сеніп тапсырған университет мүліктерінің материалдық құндылықтарының сақталуын камтамасыз етпесе, онда оның орнын колданылып жүрген зандарда көзделген тәртіпті толдырады.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры



Э.Идрисова

Заң болімінің басшысы




Г.Мусаханов

Адам ресурстарын басқару болімінің басшысы



К.Тубеков

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы



Ж.Дарибаев